




**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Бекітемін ҚМПУ
Ғылыми кеңесінің отырысында

Ректоры _____  _____ Е. Әбіл
2019 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 2 хаттама

АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Код	Басылым	Құрастырған	Келісілді
	бірінші	Мусабекова Г.А 	Кадыржанова Б.Б 

ҚОСТАНАЙ 2019

Мазмұны

1.Жалпы ережелер.....	3
2.Нормативтік сілтемелер.....	4
3.Академиялық кеңестің негізгі міндеттері.....	4-5
4.Академиялық кеңес қызметінің негізгі бағыттары	5-6
5.Академиялық кеңестің құрамы, сайлау тәртібі және жұмысын ұйымдастыру.....	6-7
6.Академиялық Кеңестің комитеттері.....	7-8

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже ҚМПУ академиялық кеңесі туралы Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ - дің (бұдан әрі-Университет) академиялық кеңесінің мақсатын, міндеттерін, құрамын және жұмыс тәртібін анықтайды.

1.2. Академиялық кеңес алқалы ұжым болып табылады.

1.3. Академиялық кеңестің қызметі академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жайындағы проректорымен бақыланады.

1.4. Академиялық кеңес жоғары оқу орнының академиялық саясатын бағыттау, үйлестіру, жетілдіру, білім беру сапасын арттыру үшін құрылады.

1.5. Академиялық кеңес білім беру және оқыту, академиялық сапаны қамтамасыз ету, академиялық басқару және университетте профессор-оқытушылар құрамын басқару бойынша барлық академиялық мәселелер бойынша саясатты қалыптастырудың негізгі органы болып табылады.

1.6. Академиялық кеңестің басты мақсаты: қазіргі заманғы қазақстандық және әлемдік талаптарға сәйкес ЖОО-ның түлегі моделін және миссиясын жүзеге асыруда білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін ЖОО-ның білім беру ортасының мүмкіндіктерін кеңейту.

1.7. Университеттің академиялық кеңесі мақсатқа жету үшін келесі қызмет бағыттарын жүзеге асырады:

- білім беру бағдарламаларын жаңарту және жобалау, олардың тиімділігін арттыруға және мазмұнын орта білімнің жаңартылған мазмұнымен және білім беру саласындағы ұлттық саясаттың басқа да талаптарымен үйлестіруге бағытталған

- академиялық үдерісті оңтайландыру білім беру бағдарламаларын одан әрі жаңғырту оларды өзектендіру және заманауи техникалық сүйемелдеу

- білім беру, ғылыми-әдістемелік саладағы инновациялық қызметті қолда бар ресурстар мен бәсекелестік артықшылықтар, сондай-ақ сыртқы жағынан күшейту;

- білім берудегі жаңа үрдістерді ескере отырып, институт оқытушыларының ғылыми-педагогикалық деңгейін арттыру;

- жаңартылған орта білім мазмұнымен білім беру бағдарламаларын синхрондау;

- оқытушылардың білім беру технологияларын меңгеру және педагогқа қойылатын талаптарды өзгерту арқылы кәсіби қызметінің сапасын үйлесімді арттыру: пән оқытушысынан-зерттеуші педагогке;

- қалалық, облыстық, халықаралық деңгейдегі білім беру ортасының өзара ынтымақтастық жүйесін құру;

Республикалық субъектілермен, аймақтық, ұлттық, халықаралық деңгейлерде институттың ПОҚ-ның табыстылығын жайғастыру.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы
31.05.2018 ж. № 319-III (04.07.2018 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);
2. "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы);
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген оқыту технологиясы" (2018 жылғы 12 қазандағы өзгерістермен және толықтырулармен);
4. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
5. "Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген»
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 21.12.2007 ж. №644 Бұйрығымен);
7. 2015-2021 ж. стратегиялық даму жоспары, 25.12.2018 ж. №5 хаттама
8. ҚМПУ 14.05.2018 ж. жарғысымен
9. Академиалық саясат (2019 ж. қыркүйек).

3. Академиялық кеңестің негізгі міндеттері

- 3.1. Оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;
- 3.2. Оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі сараптама комиссиясымен өзара іс-қимыл негізінде білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды жоспарлау, сараптауды ұйымдастыру және баспаға ұсыну;
- 3.3. Оқу және әдістемелік жұмыс бойынша сараптамалық комиссиямен бірлескен қызмет шеңберінде білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған жоғары оқу орнындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 3.4. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- 3.5. Педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу процесінің мазмұнын талдау;
- 3.6. Сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау

3.7. Оқу және әдістемелік жұмыс бойынша сараптау комиссиясы белгілеген әдістемелік жұмыстарды үйлестіру және әдістемелік жақсарту ресурсын іске асыру;

3.8. ЖОО-да оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

3.9. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды өзектілендіретін тұрақты негізде жұмыс істейтін комитеттердің, оқу нәтижелерін бағалау жүйесінің жұмысын ұйымдастыру ББ: Researchcommittee, Curriculumcommittee, Assessmentcommittee, Serviscommittee, Hiringcommittee, QualityReviewcommittee, STUDENTRECRUITMENT;

3.11. Білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

4. Академиялық кеңес қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптау;

4.2. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды өзектілендіретін тұрақты негізде жұмыс істейтін комитеттердің қызметі, оқу нәтижелерін бағалау жүйесі: Researchcommittee, Curriculumcommittee, Assessmentcommittee, Serviscommittee, Hiringcommittee, QualityReviewcommittee;

4.3. Жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау;

4.4. Білім беру ұйымдарында оқу үдерісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

4.5. Модульдік білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік – құқықтық құжаттарды жетілдіру;

4.6. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электронды тасығыштарда және дидактикалық материалдарды ЖОО-дағы оқу және әдістемелік жұмыс жөніндегі сараптама комиссиясымен бірлесіп әзірлеуді ұйымдастыру;

4.7. Білім беруді, педагогикалық технологиялар мен ғылымды жаңартудың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру бағдарламаларының (кәсіптердің) тізбесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4.8. Оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және ПОҚ-ға практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың белсенді түрлерін енгізу;

4.9. Элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;

4.10. Пререквизиттер мен постреквизиттерді бекіту;

4.11. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды өзектілендіретін тұрақты негізде жұмыс істейтін комитеттердің жылдық жұмыс жоспарларын,

оқу нәтижелерін бағалау жүйесін келісу: Researchcommittee, Curriculumcommittee, Assessmentcommittee, Serviscommi ttee, Hiringcommittee, Qualityreviewcommittee;

4.12. Тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын жетілдіру, әзірлеу және сараптау;

4.13. Оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмысын және білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;

4.14. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

5. Академиялық кеңестің құрамы, сайлау тәртібі және жұмысын ұйымдастыру

5.1. Академиялық кеңестің құрамы ректордың бұйрығымен 3 жылға бекітіледі. Құрамын немесе белгілі бір мүшелерін ауыстыру қажет болған жағдайда

академиялық жұмыс жөніндегі басқарма бастығының ұсынысы бойынша әрбір оқу жылының басында ректордың бұйрығына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.2. Академиялық кеңес отырысының төрағасы академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор болып табылады.

5.3. Міндетті мүшелері ОӘЖ, департамент басшылары (факультет декандары) болып табылады.

5.4. Академиялық кеңес комитеттерінің құрамына әр білім беру бағдарламасынан 2 оқытушыдан кіреді.

5.5 Міндетті мүшелері академиялық жұмыс жөніндегі басқарма бастығы және департаменттер басшылары/ факультет декандары болып табылады.

5.6. Академиялық кеңестің қызметіне басшылық етуді академиялық жұмыс жөніндегі басқарма жүзеге асырады.

5.7. Бірінші отырыста Академиялық кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

5.8. Академиялық кеңестің жұмысы жылдық жұмыс жоспарына және ағымдағы оқу үдерісін шақыруға сәйкес жүзеге асырылады (қажет болған жағдайда).

5.9. Академиялық кеңестің отырысы екі айда кемінде 1 рет өткізіледі. Отырыстың мүшелері академиялық кеңестің міндетті мүшелері, ББ басшылары, комитеттер төрағалары болып табылады.

5.10. Академиялық кеңестің отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен академиялық кеңестің ұсыныстары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Отырыстың хаттамалары мен шешімдеріне академиялық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.11. АК шешімдері орындауға міндетті болып табылады, АК шешімдерінің тиісінше орындалмағаны үшін ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен шаралар қабылданатын болады.

5.12. Академиялық кеңес, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

5.13. Академиялық кеңестің төрағасы жылына бір рет жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі алдында қызмет нәтижелері туралы есеп береді.

5.14. Академиялық кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуы, оның жұмысына белсенді қатысуы, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақытылы және дәл орындауы тиіс.

5.15. Академиялық кеңестің мүшелері комитеттердегі қызмет жылдық педагогикалық жүктемені орындау бойынша жұмыс рейтингісіне есептеледі.

6. Академиялық кеңестің комитеттері

6.1. Академиялық кеңес комитеттерінің құрамына әр білім беру бағдарламасынан 2 оқытушыдан кіреді, білім беру бағдарламаларының басшылары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіре алады.

6.2. Әрбір Комитет өзінің бірінші фокус-тобында өзінің төрағасын ашық дауыс беру жолымен сайлайды, ол жоғары оқу орнында Комитет атынан өкілдік етуге құқылы.

6.3. Комитеттер тұрақты негізде жұмыс істейді, оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды, ББ оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін өзектендіреді:

1) Curriculum committee. Білім беру және оқыту комитеті

Тиімді оқыту және білім беру принциптерін жаңарту және осы қағидаттарды оқу жоспарында қолдануды қамтамасыз ету.

Оқыту мен білім берудің инновациялық тәсілдерін қоса алғанда, оқу жоспарын жақсарту стратегияларын анықтау. Оқытудың инновациялық әдістерін енгізу.

Оқыту әдістерін қолдау, жақсарту және жетілдіру үшін қажетті ресурстарға қатысты ұсынымдар беру. Жобаларды дайындауға және рецензиялауға қатысу (силлабустар). Оқыту және оқу бағдарламаларын

2) Quality Review committee. Академиялық сапаны қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Комитет

Академиялық стандарттардың сақталуын, жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының қамтамасыз етілуін және сапасын арттыруды бақылауды жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасының әзірленуін, енгізілуін және сапасын қайта қарауды бағалау.

Оқыту сапасын жақсарту және кепілдік беру мақсатында білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде зерттеу және жан-жақты бағалау. Жылына 2 рет білім беру бағдарламаларының толық инспекциясын жүргізеді және оларды бекіту, қайта бекіту немесе жабу жөнінде ұсынымдар береді.

3) Assessment committee. Білімді бағалау комитеті

Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімін бағалау жүйесі мәселелері бойынша ұсыныстарды енгізу, іске асыру, бақылау, дамыту. Білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін жыл сайын бағалау, нәтижелерді талдау. Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және дамыту, білімді бағалау жүйесін жақсартуға әкелетін іс-әрекеттерге бастамашылық жасау.

4) Hiring committee. Білім беру бағдарламаларына ПОҚ іріктеу комитеті, оқу үрдісіне білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу

Білім беру бағдарламалары шеңберінде әрбір пән бойынша ПОҚ құзыреттілігін бағалау. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сараптау. ПОҚ баспа қызметі. Оқытудың инновациялық әдістерін енгізу бойынша ПОҚ-ның ұсыныстары мен бағасы. Комитеттің ұсынысы ПОҚ-ның бос лауазымдарға орналасу конкурсына және конкурстық комиссияға қатысуы үшін міндетті.

5) Research committee. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу-зерттеу тректерін әзірлеу жөніндегі Комитет

Зерттеу құзыреттілігін үздіксіз қалыптастыру мәселелері бойынша оқу үдерісі үшін өзекті және іс жүзінде маңызы бар міндеттерді шешу. Проблемалық зертханаларды, орталықтарды, ғылыми бірлестіктерді қалыптастыру және олардың қызметі бойынша ұсынымдар мен ережелерді әзірлеу

Білім беру бағдарламалары бойынша оқытудағы оқу/ ғылыми-зерттеу тректерін әзірлеу бөлігінде ғылыми ұжымдарды, ғылыми-техникалық және т.б. Білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде білім беру қатынастарына қатысушылармен, жұмыс берушілермен, басқа да стейкхолдерлермен ғылыми-зерттеу өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

6) Serviscommittee қоғамға қызмет етуді ұйымдастыру комитеті.

Қоғамдық мәселелерді анықтауға және шешуге қатысу (бос уақытты өткізуге, жұмысқа орналастыруға байланысты жастар мәселелері және т. б., халықтың әлеуметтік қолайсыз топтарының (жетім балалар, мүгедектер, зейнеткерлер және т. б.) мәселелері, экологиялық мәселелер және аумақты абаттандыру мәселелері, әлеуметтік мәселелер

(ардагерлерге қамқорлық жасау, тарихи оқиғалар мен т. б. реакция және жариялау) және т. б. Жобалық кеңсемен өзара әрекеттесуді арттыру бойынша шаралар әзірлеу

"Рухани жанғыру". Тегін оқыту коучингтері мен тренинг-семинарларын өткізу. Өңірдің білім беру мекемелері үшін ақпараттық-консалтингтік қызметтерді ұсыну.